

## Құрметті студенттер!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы ведомствоаралық комиссияның шешімі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсыныстары негізінде «Тұран» университеті 2020-2021 оқу жылының 2 семестріндегі оқу процесі келесі форматта ұйымдастырады:

**1-ші курс студенттері** үшін 2020-2021 оқу жылының көктемгі семестрінде оқудың барлық бағыттары бойынша оқу процесін ұйымдастыру аралас оқыту форматында болады (онлайн, санитарлық шараларды және 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтаған жағдайда – күндізгі форматта).

Университет кампусының аудиторияларындағы сабақтар академиялық күнтізбеге сәйкес **2021 жылғы 25 қаңтардан** басталады.

Оқу процесі **университет кампусында** санитариялық-эпидемиологиялық режимді (бұдан әрі - СЭР) сақтай отырып ұйымдастырылады:

- ✓ Дезинфекциялық туннель арқылы өту;
- ✓ Кіре берісте температураны өлшеу;
- ✓ Әлеуметтік қашықтықты сақтау;
- ✓ Аудиториялар мен қызметтік бөлмелерді тұрақты кварцтеу;
- ✓ Маска режимін қамтамасыз ету және т.б.

Сабақ кестесі корпоративтік сайтта орналастырылады және **2021 жылғы 16 қаңтардан** кешіктірмей эдвайзерлер корпоративтік пошталарыңызға жібереді.

**2-ші және 3-курсарда** оқуды келесі білім салалары бойынша қашықтықтан оқыту форматында жалғастырылады:

- ✓ Тілдер және әдебиет;
- ✓ Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат;
- ✓ Бизнес, басқару және құқық;
- ✓ Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;
- ✓ Қызметтер (көлік қызметтерінен басқа).

«Өнер» білім саласы бойынша **2 және 3-курс** студенттеріне әлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитарлық шараларды сақтай отырып, аралас форматта өткізіледі.

**4-ші курста** академиялық саясат пен академиялық күнтізбеге (дипломалды және кәсіптік практиканы ұйымдастыру, қорытынды аттестаттауды өткізу) сәйкес даярлау бағыттарына байланысты қашықтықтан/аралас оқыту форматтарында оқыту жүзеге асырылады.

Назар аударыңыз, оқу процесі еліміздегі және Алматы қаласындағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға тікелей байланысты.

«Тұран» университеті сізді академиялық процестегі барлық өзгерістер туралы хабардар ететін болады.